

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**БЕКІТЕМІН**  
Факультет деканы/Институт директоры  
Танжарыкова А.В.  
Хаттама № 11 , 20. 06. 2025ж.

**8D002305 – Әдебиеттану  
білім беру бағдарламасы бойынша  
докторантурасы түсушілерге арналған  
БАҒДАРЛАМА**

**Алматы, 2025**

## **8D002305 – Әдебиеттану**

білім беру бағдарламасы бойынша докторантурасы түсінгенде келесі пәндердің қамтиды:

### **1-пән. Көркем мәтін теориясы**

#### **2-пән. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет**

#### **3-пән. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері**

#### **1-пән. Көркем мәтін теориясы**

**1-тақырып Әдебиет теориясы – ғылым.** Әдебиеттеориясының негізгі міндеттері. Көркем әдебиеттің табиғатын, жанрларын, көркемдік тәсілдерін, стильдік ерекшеліктерін, композициясын, поэтикалық құралдар. Ғылыми пән ретіндегі орны. Әдебиеттеориясының басқа ғылымдармен байланысы. Әдебиеттеориясының тарихи дамуы. Көркемдік ойлаудың ерекшеліктерін зерттеу

Шығармадағы көркем бейне мен шындықтың қатынасын ашу. Әдеби ұғымдар мен терминдерді анықтау және жүйелеу. Жанрлық түрлерді анықтау. Көркемдік әдістерді талдау. Оқырман мен шығарма арасындағы қарым-қатынас. Әдебиеттің қоғамдық қызметін ашу.

**2-тақырып Әдебиеттің тарихы және әдебиеттеориясы.** Әдеби шығармалардың жазылған уақытына қарай топтастырылуы. Әдеби бағыттар мен реализм, романтизм, символизм тәрізді ағымдардың дамуы. Жазушылар мен ақындардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу. Әдеби дәстүр мен жаңашылдықты салыстыру. Әдеби процестің тарихи контексттегі өзгерістерін зерделеу. Көркем әдебиеттің табиғаты мен зандалықтарын, поэтикалық ұғымдар мен көркемдік тәсілдер. Көркем шығарманың құрылымын (сюжет, композиция, стиль) зерттеу. Әдеби жанрларды (лирика, эпос, драма) жіктеу. Әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіру (мысалы: метафора, эпитет, кейіптеу, гипербола). Көркем әдістер мен бағыттарды талдау. Әдебиеттің эстетикалық, тәрбиелік, қоғамдық қызметін ашу.

**3-тақырып Әдебиеттеориясы және әдеби сын.** Көркем әдебиеттің табиғаты, құрылымы, жанрлары, көркемдік әдістері, поэтикалық құралдары. Тақырып, идея, сюжет, образ, стиль тәрізді әдеби ұғымдар. Лирика, эпос, драма сынды жанрларды жіктеу. Көркемдік әдістер реализм, романтизм, модернизм Көркем шығарманың құрылышын (композиция, баяндау түрлері) талдау. Әдебиеттің эстетикалық және танымдық табиғатын ашу. Әдеби сын – көркем шығармаларға талдау жасап, олардың көркемдік құндылығын бағалайтын, қоғамдағы маңызын айқындаштын әдебиеттанудың қолданбалы саласы. Шығарманың артық-кем тұстарын анықтау. Жаңа шығармаларды, авторларды бағалау. Әдеби үдерісті бағыттау, оқырман талғамын қалыптастыру. Қоғамдағы әдеби пікір мен көзқарасқа әсер ету. **Ғылыми сын**

– терең талдауға негізделген. **Публицистикалық сын** – жалпы оқырманға арналған. **Көркем сын** – әдеби тілмен жазылған, эмоциялық бояуы бар.

**4-тақырып Әдебиеттанудың даму және қалыптасу тарихы.** Құрылымдық-функциональдық әдіс және оның негізгі ұғымдары. Көркем әдебиетті ғылыми тұрғыда зерттейтін, оның табиғатын, құрылымын, тарихын, қоғаммен байланысын талдайтын ғылым саласы. Дамуының негізгі кезеңдері. көркем шығарманы біртұтас құрылым ретінде қарап, оның элементтерінің өзара байланысын **және** олардың атқаратын қызметін зерттеу. Шығарманың бөліктерінің (сюжет, образ, стиль, композиция) жүйелі тұтастығы. Әр элементтің шығарманың идеялық-көркемдік тұтастығына қосатын үлесі. Әдебиетте қолданылатын тұрақты мағыналық жүйе немесе таңбалар. Мәтіннің өз ішіндегі және басқа шығармалармен байланысы. Шығарманың ішкі мағынасы, бейнелік мәні. Мәтін элементтерінің бірізді (тікелей) байланысы. Альтернативті (баламалы) элементтер арасындағы байланыс. Бұл әдіс постструктуралызм, герменевтика, мәдениеттанулық талдау сияқты тәсілдермен бірге қолданылады.

**5-тақырып. Телеологиялық әдіс, мәтінді оқып үйренудегі әдебиеттану әдістері және тарихи-әлеуметтік бағыт. Мәдени-психологиялық бағыт.** Телеологиялық әдіс (грекше *telos* – мақсат, тұпкі нүктө) – көркем шығарманы белгілі бір мақсатқа, идеялық-эстетикалық мәнге, тұпкі нәтижеге бағытталған жүйе ретінде қарастыратын әдебиеттану әдісі. Бұл әдіс бойынша шығарма жазушының идеялық мақсатына сай құрылыш, барлық көркемдік элементтер сол мақсатқа жұмыс істейді. Әдеби мәтінді автордың тұпкі ойымен байланыстырып окуға негізделеді. Шығарманың мағынасы — оның соңғы нәтижесіне, қорытындысына мән беру. Автордың тұпкі мақсатын, шығарманың идеялық қорытындысын талдайды. Тарихи-әлеуметтік бағыт көркем шығарманы қоғамдық-тарихи жағдаймен байланыстырып талдайды. Шығарма авторы өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік шындығын бейнелейді деген қағидаға сүйенеді. Шығарманың идеясы, тақырыбы, кейіпкерлері – сол заманың көрінісі. Әдебиетті қоғамның айнасы деп қарастырады. Әлеуметтік теңсіздік, таптық құрес, әділет пен зұлымдық, халық мұнды басты талдау объектісі болады. Абай, Сұлтанмахмұт, М.Әуезов шығармаларын талдауда маңызды әдіс. Мәдени-психологиялық бағытта әдеби шығарма мәдени құбылыс ретінде қарастырылады және кейіпкердің немесе автордың психологиялық ішкі әлемі терең талданады. Шығарманы адам жанының көрінісі ретінде түсіндіреді. Мәдени орта, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар назарда ұсталады. Кейіпкердің ішкі мотивациясы, шешім қабылдауы, мінездікүлкі психологиялық талдауға алынады.

**6-тақырып Әдеби герменевтика рецептивтік теориясы.** Өнер туындыларын талдаудың негізгі принциптерін, әдістерін түсіну және сипаттау, әдеби шығармаларды зерттеу әдістемесі мен әдіснамасын ажыраты білу; көркем мәтінді зерттеудің аспектілері; әдебиеттің жалпы филологиялық және жеке зерттеу әдістері. Герменевтика — мәтінді түсіндіру, мағынасын ашу туралы ілім. Әдеби герменевтика – көркем мәтіннің ішкі мәнін, астарлы мағынасын, автордың ойы мен философиясын терең

интерпретациялау тәсілі. Мәтін – тек қана оқылатын емес, түсінілетін құрылым. Автор, мәтін, оқырман арасындағы коммуникативтік байланыс зерттеледі. Мәтіннің тарихи-контекстуалдық, мәдени және психологиялық қабаттары ашылады. Рецептивтік эстетика (қабылдау теориясы). Бұл бағыт әдебиетті оқырман қабылдауы арқылы зерттейді. Яғни, шығарманың көркемдік құны оны қалай қабылдауға байланысты анықталады. Әдеби шығарманың мәні – тек авторда емес, оқырман мен мәтіннің қатынасында. Әр дәуірдің оқырманы бір мәтінді әртүрлі қабылдайды. Шығарманың ашық құрылымы – әр интерпретацияда жаңа мән тудырады. Өнер туындыларын талдаудың негізгі принциптері мен әдістері. Шығарманы мазмұн, форма, стиль, контекст, жанр жағынан бірге қарастыру. Жеке пікірден гөрі ғылыми дәлелдерге сүйену. Шығарманы жазылған дәуір, тарихи контекстпен байланыстыру. Шығарманың мағынасы оқырманмен бірге жасалады деген көзқарасты ескеру. Әдеби шығармаларды зерттеу әдістемесі мен әдіснамасы. Әдіснама (методология) – теориялық негіз, бағыт. Ғылымның бағытын, көзқарасын, теориялық тұғырын айқындауды. Әдістеме – нақты әдістер жиынтығы. Нақты шығарманы немесе құбылысты талдауда қолданылатын құралдар. Әдіснама – неге, әдістеме – қалай зерттеу керек екенін көрсетеді. Герменевтикалық әдіснамаға сүйене отырып, мәтінді семантикалық интерпретациялау – әдістеме. Әдебиеттің жалпы филологиялық және жеке зерттеу әдістері. Жалпы филологиялық әдістер: тілдік талдау, мәтіндік талдау, салыстырмалы-типовологиялық әдіс, статистикалық, лексикалық талдау (жиілік, сөз қолданыс). Жеке әдебиеттанулық әдістер: әдеби-тарихи әдіс, герменевтикалық әдіс, психоаналитикалық талдау, архетиптік, семиотикалық талдау, нарратология (баяндау тәсілдерін зерттеу). Герменевтика мен рецептивтік теория – мәтінді түсіну мен қабылдауға негізделген қазіргі әдебиеттанудың маңызды бағыттары. Әдеби туындыны талдау – тек мазмұн емес, құрылым, стиль, мәдени контекст, оқырман қатынасы сияқты қырларды да қамтиды. Әдіснама – теориялық тұғыр, әдістеме – нақты талдау тәсілдері. Зерттеу барысында кешенділік, контекстуалдық, оқырман рөлі, тарихилық секілді принциптерді сақтау маңызды.

**7-тақырып Әдеби шығарманы талдаудың принциптері.** Әдеби шығарманы талдаудың принциптері – көркем мәтінді ғылыми, жүйелі, терен әрі әділ түрде түсіну мен түсіндірудің негізі. Бұл принциптер әдебиеттану ғылымында, соның ішінде теориялық, сынни және әдістемелік талдауларда кеңінен қолданылады. Кешенділік (жүйелілік) принципі. Шығарманы біртұтас көркемдік құрылым ретінде жан-жақты қарастыру. Мазмұн мен форманы, идея мен көркемдік тәсілдерді, стиль мен жанрды бірге қарастыру қажет. Тарихилық принципі. Әдеби шығарманы жазылған тарихи дәуірімен, қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен байланыстыра қарастыру. Эстетикалық принцип. Шығарманың көркемдік құндылығын анықтау, оның көркем бейне, тілдік шеберлік, стильдік даралық тұрғысынан бағалануы. Логикалық дәйектілік принципі. Шығарманы талдау барысы логикалық тұрғыда нақты, жүйелі, себеп-салдарлық байланыста жүргізілуі керек. Объективтілік принципі. Шығарманы жеке ұнату/ұнатпау

көзқарасымен емес, ғылыми дерек, дәлел, негізге сүйене отырып бағалау. Интерпретация және герменевтикалық түсіндіру. Шығарманың ішкі мағынасы мен астарын ашу. Метафора, символ, аллюзия сияқты күрделі көркемдік құралдарды түсіндіру. Оқырманмен байланыс (рецептивтік принцип). Шығарманың оқырманға қалай әсер ететіні, оны қабылдауы – талдауда ескеріледі. Шығарманың құрылымдық тұтастығын сақтау. Сюжет, композиция, кейіпкер, тіл, стиль – бәрі бірлікте қаралады. Бөлшектеп талдау барысында **шығарманың тұтастығы** жоғалмауы керек.

**8-тақырып Сипаттама және талдау.** «Сипаттама және талдау» — әдеби шығарманы зерттеу мен түсіндіруде жиі қолданылатын екі негізгі әдіс. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, әрқайсысының мақсаты, тәсілі, қолданылу ерекшелігі бар. Сипаттама – көркем шығарманың мазмұнын, құрылымын, кейіпкерлерін, оқиғаларын қалпынша, өзгеріссіз баяндау, яғни нені бейнелегенін көрсету әдісі. Шығарманың қандай екенін түсіндіру. Фактілерді, элементтерді нақты атау. Автор не жазды – соны ашық түрде баяндау. Талдау әдісі (аналитикалық әдіс). Талдау – көркем мәтіндегі құбылыстар мен элементтердің өзара байланысын, мән-мағынасын ашу, неліктен солай бейнеленгенін зерделеу. Шығарманың ішкі мазмұнын, идеялық астарын ашу. Кейіпкер мінезін, іс-әрекетін талдап, себеп-салдарын түсіндіру. Стиль, көркемдік тәсілдер, тіл шеберлігін терең интерпретациялау. Сипаттама – әдеби шығарманың сыртқы бейнесін береді. Талдау – сол шығарманың ішкі терең мазмұнын, идеясын, құрылымын ашуға бағытталады. Жақсы әдеби талдау – сипаттамадан басталып, талдауға ұласатын күрделі жұмыс.

**9-тақырып Әдебиеттанудағы интерпретация.** Әдебиеттанудағы интерпретация — көркем мәтінді түсіндіру, мағынасын ашу, астарын тану әдісі. Бұл – қазіргі әдебиеттанудың ең өзекті ұғымдарының бірі. Интерпретация (лат. *interpretatio* — түсіндіру, жору) — көркем мәтіндегі ойды, бейнені, көркемдік тәсілді, символ мен астарлы мағынаны терең талдап, әртүрлі қырынан түсіндіру. Автор айтқысы келген ойды ашу. Кейіпкер мінезінің астарлы сипатын түсіндіру. Шығарманың идеялық, философиялық, мәдени, психологиялық мәнін көрсету. Әдеби мәтінді бір өлшемді емес, көп қырлы қабылдауға мүмкіндік береді. Автор мен оқырман, мәтін арасындағы коммуникацияны жандандырады. Әдеби талдаудың шығармашылық қыры дамиды. **Мәтіннен жаңа мағына, құндылық, сабак табуға үйретеді**

**10-тақырып Әдеби шығарма мәнмәтінін оқып-үйрену.** Әдеби мәнмәтіннің түрлері. Мәнмәтін (контекст — латын тілінен *contextus* — байланыс, сабактасу) – көркем мәтінді толық әрі дұрыс түсіну үшін қажетті тарихи, мәдени, әлеуметтік, әдеби, биографиялық және философиялық жағдайлар мен ақпараттар жүйесі. Шығарманы оқу барысында тарихи-мәдени деректерді зерттеу. Автордың өмірбаянын, шығармашылық жолын білу. Сол дәуірдің қоғамдық құбылыстарымен, идеологиясымен танысу. Басқа шығармалармен салыстыру арқылы мәтінді ашу. Шығарма жазылған дәуірдің тарихи оқиғалары, саяси жағдайы, қоғамдық өмірі. Қоғамдағы таптық катынас, ұлт, дін, отбасы, адамның әлеуметтік рөлі. Ұлттық дәстүрлер, өнер, діни нағымдар, әдеби канондар, моральдық нормалар. Автордың

дүниетанымы, шығарманың астарлы идеясы, өмір мен өлім, еркіндік, адам мәні туралы ойлар. Кейіпкердің жан әлемі, ішкі қайшылықтары, мінез-құлқының себептері. Басқа әдеби шығармалармен байланысы, цитаталар, аллюзиялар, сюжет, стиль ұқсастығы. Автордың жеке өмірі, көзқарасы, өмірбаяндық фактілерінің шығармаға әсері. Оқырманның мәтінді қабылдауы, түсіну деңгейі, заманауи оқырман мен автор арасындағы байланыс.

**11-тақырып Жазушы шығармашылығындағы мәнмәтін және шығарманы түйсінудегі мәнмәтін.** Жазушы шығармашылығындағы мәнмәтін – қаламгердің көркем туындыларына әсер еткен әлеуметтік, тарихи, мәдени, биографиялық, саяси, рухани және әдеби жағдайлардың жынтығы. Шығарманы түйсінудегі мәнмәтін: оқырманның көркем шығарманы қабылдауы мен түсінуіне әсер ететін факторлар жүйесі. Бұл – интерпретация жасау кезінде мәтінді қандай білім, тәжірибе, мәдени қор арқылы түсіну.

**12-тақырып Мәнмәтіннің көпқырлылығы.** Көркем шығарманы толық әрі терең түсіну үшін оны бірнеше қырынан, әртүрлі әлеуметтік, тарихи, мәдени, әдеби, философиялық, психологиялық, биографиялық контексте қарастыруды білдіреді. Әдеби мәтін – бір ғана шындықты емес, бірнеше мән-мағына қабатын қамтиды. Сол қабаттарды ашу – көпқырлы мәнмәтін арқылы жүзеге асады. Мәнмәтіннің көпқырлылығы – әдеби шығарманың байлығы мен терендігін танытатын өлшем. Шығарманы тек сюжет түрғысынан емес, оның тарихи, мәдени, философиялық қырларынан талдау – әдебиеттанудағы кәсіби көзқарастың көрсеткіші. Бұл тәсіл – оқырманның да, зерттеушінің де дүниетанымын кеңейтеді.

**13-тақырып Шығарманы талдаудың имманенттілігі.** Бұл тәсіл көркем шығарманы тек өзіне ғана тән ішкі зандылықтарымен, ішкі құрылымымен, мәтіннің ішкі мағынасы мен тілдік формасына сүйеніп талдауды білдіреді. Имманентті талдау – шығарманы ішкі табиғаты, көркемдік тілі мен құрылымы арқылы түсінуге бағытталған ең таза әдеби тәсілдердің бірі. Бұл әдіс мәтінді терең әрі дәл талдауға мүмкіндік береді, бірақ оны басқа мәнмәтіндік тәсілдермен **біріктіре** қолданғанда ғана толық нәтиже береді.

**14-тақырып Қазіргі әдебиеттанудағы мәтін теориясы.** Мәтін теориясы – көркем мәтінді тілдік, құрылымдық, семиотикалық, мәдени, философиялық түрғыдан зерттейтін ғылым саласы. Ол мәтінді жазушы мен оқырман арасындағы байланыс құралы ретінде емес, дербес мәдени феномен, жүйе ретінде қарастырады. XX ғасыр басында оры әдебиетіндегі формализм: мәтінді құрылым ретінде зерттеу (сюжет, фабула, образ). XX ғасыр ортасында мәтін – белгілік жүйе, тіл мен мәдени кодтарға тәуелді структурализм (Франция). 1960–70 жж. мәтін мағынасы тұрақсыз, интерпретация шексіз (Ролан Барт, Жак Деррида) Постструктурализм. Қазіргі кезеңде интертекстуалдық, герменевтикалық, рецептивтік теориялар қарастырылады, яғни мәтін мен оқырман, мәтін мен басқа мәтіндер арасындағы қатынастар маңызды. Қазіргі әдебиеттануда мәтін – мағына тудыратын, мәдени кодтарды сақтайтын күрделі жүйе ретінде зерттеледі.

**15-тақырып Әдеби дамудың зандылықтары.** Әдебиеттің уақыт пен кеңістікке байланысты ішкі логикасы, қозғалыс бағыты, өзгеру үрдісі мен

даму тетіктері. Бұл заңдылықтар әр ұлт әдебиетіне тән, бірақ жалпы адамзаттық сипатқа да ие. Әдебиет қоғамның тарихи дамуымен қатар жүреді. Әр кезең – жаңа мазмұн, жаңа форма. Ұрынғы әдеби тәжірибе мен дәстүрлерді жаңа заман жалғастырады. Әр кезең әдебиеті жаңа тақырып, форма, идея әкеледі. Әдеби форма мен стильдің үздіксіз жетілуі (жанрлық, тілдік даму). Ұлттық әдебиет жалпы әлемдік көркем оймен үндесіп дамиды.

## **2-нән. Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет**

**1-тақырып. Әдебиеттанудың қазіргі жағдайы және даму беталысы.** Әдебиеттану – көркем әдебиетті ғылыми негізде зерттейтін сала. Ол әдеби шығарманың табиғатын, құрылымын, идеялық-көркемдік жүйесін, жазушы мен оқырман арасындағы байланысты саралайды. Бүгінгі әдебиеттану – дәстүр мен жаңашылдықтың түйіскен тұсы. Ғылым ретінде әдебиеттану: пәнаралық сипатқа ие болды. Әдебиеттану тек әдебиетке ғана емес, лингвистика, философия, психология, мәдениеттану, тарих, саясат, гендерлік зерттеулермен де байланысқа түсті. Көпқырлы әдіснамалық бағыттар қалыптасты: классикалық (тарихи-әдеби, биографиялық), құрылымдық (формализм, структурализм), постструктураллистік (деконструкция, постмодернизм), мәдениеттанулық (постколониялық, феминистік), рецептивтік және герменевтикалық талдау. Цифрлық әдебиеттану дами бастады: компьютерлік мәтін талдау, big data әдістері, әдеби корпустарды цифrlау, жасанды интеллект пен әдебиет байланысы. Ұлттық және әлемдік әдебиет ұштасып қаастырылады.

**2-тақырып. Қазіргі кезеңіндегі әдебиеттанудың теориялық мәселелері.** Қазіргі қазақ әдебиетін постмодерн, интертекстуалдық, мифопоэтикалық тұрғыдан зерттеу. Алаш қайраткерлері мұрасын жаңа тұрғыдан қайта қарау. Ұлттық код пен рухани жаңғыру ұғымдарын әдебиетпен байланыстыра зерттеу. Жаңа буын қаламгерлер шығармашылығы (XXI ғасыр прозасы мен поэзиясы). Әдебиет пен кино, медиа, комикс, интернет-мәтіндер арасындағы байланыстарды зерттеу.

**3-тақырып.** Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы. 1991 жылды Қазақстанның тәуелсіздік алдымен бірге қазақ әдебиеттануы да жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Бұл дәуірде бұрын шектеу қойылған, жабық тақырыптар еркін зерттеле бастады. Әдебиеттану ғылымының бағыты кеңіп, ұлттық дүниетаным, рухани мұра, Алаш идеясы, посткеңестік әдеби процестер қайта зерделенді. Кеңестік идеология шенберінен босап, шығармаларды еркін және шынайы талдауға жол ашылды. Мағжан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек сынды тұлғалардың әдеби мұрасы қалпына келтіріліп, ғылыми айналымға енді. Жаңа бағыттар: постмодерн, интертекстуалдылық, герменевтика, постколониялық талдануда. Қазақ

әдебиетінің көрнекті өкілдері – Абайтану, Әуезовтану, Шәкәрімтану, Мағжантану кең өріс алды. Тәуелсіздік кезеңіндегі проза, поэзия, драматургия, жаңа буын қаламгерлер шығармашылығы зерттеле бастады.

**4-тақырып XX ғ. 90-жылдары мен XXI ғ. 2000-2020 жж. арасындағы Қазақстан Республикасындағы және алыс, жақын шетелдердегі қазақ әдебиеті шығармаларын біртұтас көркемдік дәстүр жүйесі. 1990–2020 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті – тәуелсіздік алған Қазақстанның әдебиетінде және шетелдегі қазақ диаспорасында дамыған жаңа дәуір. Бұл кезеңдегі шығармалар ұлттық сана, тәуелсіздік, жаһандану, миграция, мәдени идентичность сияқты өзекті тақырыптарды қөтереді. Тәуелсіздік алған жылдардағы әдебиет: тәуелсіздік идеясы, ұлттық сана жаңғыруы, жеке тұлғаның азаттық күресі. Тарихи-рухани тақырыптар: Алаш қайраткерлері, ұлттық мұра, кеңестік кезеңің зиянды жақтары туралы шығармалар. Шетелдегі қазақ әдебиеті: Орта Азия, Ресей, Қытай, Түркия, Монголиядағы қазақ жазушыларының шығармалары – диаспора мәселелері, туған тіл мен мәдениетті сақтау. Жаңа прозаның қалыптасуы: әлеуметтік, экзистенциалдық тақырыптар. Поэзиядағы жаңғыру: жастар поэзиясы, жаңа лирикалық бағыттар.**

**5-тақырып Қазақстан Республикасындағы этностар әдебиеті де біртұтас мемлекеттік ұстаным.** Қазіргі қазақ әдебиеттануында, мәдениеттануда және ұлттық идеологияда маңызды мәнге ие. Бұл тақырып Қазақстан халқының рухани тұтастығын, көпэтности қоғамдағы әдебиеттің рөлін, сондай-ақ мемлекеттік мәдени саясаттағы әдебиеттің орны мен міндетін сипаттайты. Этностар әдебиеті – Қазақстанда тұратын әртүрлі ұлт өкілдерінің өз ана тілінде немесе қазақ, орыс тілінде жазған көркем шығармаларының жиынтығы. Бұл әдебиетте: тарихи жады, этностиқ сана, ұлттық дәстүр, қазақ халқымен бірлік пен ортақ тағдыр мәселелері бейнеленеді. Қазақ елінде туған не өмір сүрген орыс жазушылары қазақ жері, мәдениеті туралы жазды. Түркілік мәдениетке жақын, поэзиясы мен прозасы дамыған. Тарихи көші-қон мен тағдыр мәселелер. Репрессия, адаптация, еңбек тақырыптары. Ауыл өмірі, еңбек адамы, достық тақырыптары қөтерілді.

**6-тақырып** Әдебиеттің даму кезеңдері. Әдебиеттің даму кезеңдері – адамзат тарихындағы қоғамдық, рухани, көркемдік эволюцияны бейнелейтін ірі хронологиялық сатылар. Бұл кезеңдер әдебиеттегі тақырып, жанр, стиль, көркемдік әдіс, автор мен оқырман қарым-қатынасының өзгеруін сипаттайты. Әлем әдебиетінің даму кезеңдері (жалпы теориялық жіктелу: Миф, аңыз, эпос, ертегілер → ауыз әдебиетінің бастауы, Ежелгі Грекия мен Рим поэзиясы, трагедия, эпос (Гомер, Софокл), Діни тақырып, мораль, рыцарлық романдар, мистикалық поэзия, Адам мәселесі, гуманизм, классикалық стиль (Шекспир, Данте), Ақыл, тәртіп, мораль (Вольтер, Мольер), Сезім, еркіндік, даралықты қөтеру (Гюго, Байрон, Пушкин), Қоғамдық шындық, типтік кейіпкер (Толстой, Достоевский, Бальзак), Сана ағымы, ішкі психология, поэтикалдық эксперимент, Ирония, интертекст, шындық пен қиялдың араласуы. Қазақ әдебиетінің даму кезеңдері: Миф, батырлық эпос, жырлар, мақал-мәтелдер;

Хандық дәуір, елдік рух, даналық поэзия (Асан Қайғы, Бұқар), Оқу, өнер, елдік тәрбие (Ы. Алтынсарин, Абай, Шоқан), Алаш әдебиеті, ұлт-азаттық идея, публицистика, Соцреализм, идеология, кеңестік қоғамды мадақтау, Ұлттық сана, тарихи жады, постмодерн, еркін ой.

**7-тақырып Көркемдік әдіс. Көркемдік әдісті шындықты бейнелеуші ретінде түсіну.** Көркемдік әдіс – жазушының өмір шындығын көркемдік тұрғыдан бейнелеу тәсілі, дүниетанымы мен шығармашылық принциптерінің жиынтығы. Әдебиет өмір шындығын бейнелейді. Бірақ бұл шындық жазушының көркемдік әдісі арқылы ерекше көркем тілмен, образдармен, көркемдік жүйемен беріледі. Көркемдік әдіс – бұл жай ғана тәсіл емес, ол жазушының дүниені қабылдау формасы. Көркемдік әдіс – әдеби шығарманың мазмұны мен формасын анықтайтын басты элемент. Шығарманы талдағанда оның көркемдік әдісін білу – автордың ойы мен қоғам туралы көзқарасын терең түсінуге жол ашады.

**8-тақырып Стиль және көркемдік машиқ** әдебиет теориясындағы маңызды ұғымдар. Бұл тақырып жазушының шығармашылық қолтаңбасы мен көркемдік бейнелеу ерекшеліктерін талдауға негізделеді. Стиль (фр. *style*, лат. *stilus* – жазу құралы) – жазушының немесе белгілі бір дәуірдің, бағыттың шығармашылық мәнері, көркемдік тілінің, ойлау жүйесінің ерекшелігі. **Жазушының** жеке қолтаңбасы. Сөз таңдау, сөйлем құрау ерекшелігі. Көркемдік бейнелеу тәсілдерінің үйлесімі. Шығармадағы эмоциялық рең мен идеялық бағыт. Көркемдік машиқ – жазушының көркем мәтін жасау дағдысы, жазу шеберлігі мен тәсілі. Бейнелеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора т.б.) қолдану ерекшелігі. Кейіпкер жасау, диалог құру, композиция құру тәсілдері. Психологиялық, пейзаждық сипаттаулардың берілуі. Стиль – жазушының көркемдік тұлғасын танытатын негізгі категория. Көркемдік машиқ – сол стильтің жүзеге асыратын амал-тәсілдер жиынтығы. Әдеби шығарма талдауда стиль мен машиқты білу – оқырманға көркемдік терендікті ұғынуға көмектеседі.

**9-тақырып Әдебиеттегі негізгі бағыттар мен ағымдар.** Әдебиет теориясының көркемдік жүйелерді, идеялық-көркемдік тұжырымдарды, авторлардың дүниетанымын түсінуге көмектесетін маңызды тақырыбы. Бұл бөлімде әдеби бағыт (бағыттама) пен ағым (стильдік бағыт) ұғымдарының айырмашылығы мен ортақ негіздері, сондай-ақ әдебиет тарихындағы басты бағыттар мен ағымдар қарастырылады. Әдеби бағыт: жазушының қоғам мен адамға, өмірге деген дүниетанымдық, идеялық ұстанымы (Реализм, романтизм, натурализм). Әдеби ағым : әдеби бағыт ішіндегі көркемдік формалар мен стильтің ерекшеліктер (модернизм, символизм, постмодернизм). XIX ғ. Ағартушылық реализм Абай, Үбірай, Шоқан, XX ғ. басы Романтизм, ұлттық идеализм Мағжан, Ахмет, Міржақып, Кеңестік кезең Социалистік реализм С. Мұқанов, F. Мұсірепов, Тәуелсіздік кезеңі Д. Исабеков, Д. Амантай, Т. Әбдіков.

**10-тақырып. Әдебиеттің түйіспелі-типологиялық байланысы.** Әр түрлі халықтардың әдебиеттері арасындағы ортақ типологиялық ұқсастықтар

мен өзара ықпалдарды қарастырады. Бұл ұғым салыстырмалы әдебиеттану саласына жатады және әдеби процесті ғаламдық тұрғыдан тануға мүмкіндік береді. Әдебиет тек ұлттық құбылыс емес, ол жалпыадамзаттық рухани жүйенің бір бөлігі. Түйіспелі-типологиялық байланыс – әдеби дамудың **занды**, диалектикалық нәтижесі. Қазақ әдебиеті де басқа халықтар әдебиетімен тарихи, идеялық, көркемдік байланыста дамыды.

**11-тақырып. Қазіргі әдебиеттанудағы әдебиеттің тарихи дамуының мәселелері.** Әдебиет теориясы мен тарихының тоғысындағы маңызды, терең, өзекті тақырыптардың бірі. Бұл мәселе қазіргі әдебиеттанудың әдіснамалық, теориялық, идеологиялық деңгейдегі ізденістерімен тығыз байланысты. Әдеби кезеңдердің жіктелуіндегі қыындықтар: Кеңестік кезеңде әдеби дамудың кезеңдері идеологиялық принциптерге сүйенді (соцреализм, таптық көзқарас). Қазіргі кезде объективті, ғылыми негізде кезеңдеу міндеті тұр. Әдебиетті мағына мен мәннөттіннің тарихи-мәдени деңгейінде түсіндіреді. Әдебиеттің даму зандылығы оқырман қабылдауына қарай өзгереді. Ұлттық әдебиетті отарлық жүйемен құрестегі тарихи сана тұрғысынан қарайды.

**12-тақырып. Қазақ романы, лирикалық поэзия, әдеби сын, балалар әдебиеті жанрларының қазіргі зерттелуі.** Қазақ әдебиеттануындағы жанрлық зерттеулердің жаңа кезеңін сипаттайтын өзекті тақырып. Бұл бағыттарда соңғы жылдары жан-жақты теориялық, тарихи, салыстырмалы, мәдениеттанулық тұрғыдағы еңбектер жазылып, жаңаша көзқарастар қалыптасуда. Зерттеу бағыттары: Тарихи романның жаңа интерпретациясы, Постмодерндік роман, Жаңа типтегі кейіпкерлер – Қазіргі романдарда ұлттық батыр емес, ішкі әлемі дағдарысқа түскен адам бейнесі алға шықты. роман құрылымын нарративтік, психологиялық, гендерлік тұрғыда зерттеуде. Лирикалық поэзияның қазіргі зерттелуі: Жаңа поэзия тілінің поэтикасы, Гендерлік және феминистік талдау, Мәтін мен сана ағысы. Қазақ балалар әдебиетінің қазіргі зерттелуі: Тәрбиелік мағынадан көркемдік сапаға көшу, Балаларға арналған фантастика, комикс, визуалды әдебиет бағыттарын дамыту, Цифрлық және мультимедиялық балалар әдебиеті мәселелері қарастырыла бастады.

**13-тақырып. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдеби сынының бүгінгі жай-күйі мен өкілдері.** қазіргі қазақ әдебиетінің дамуын саралауда, әдеби процесті бағалауда аса маңызды тақырып. Әдеби сын – әдебиеттің айнасы. Ол көркем шығармалардың құндылығын, идеялық-көркемдік бағасын анықтап, әдеби бағыттар мен үрдістерге бағыт-бағдар беріп отырады. Кеңестік кезеңде әдеби сын таптық, партиялық ұстаныммен шектелген еді. Тәуелсіздік кезеңінде сыншылар еркін ой, ұлттық таным, көркемдік құндылық тұрғысынан пікір айта бастады. Кеңестік кезеңде бұрмаланған кей шығармаларға жаңа көзқарас қалыптасты. Тек академиялық сын емес, әдеби эссе, рецензия, блогтық шолу, сұхбат түріндегі сын кеңінен тарады. Электронды әдеби ортада пікір көп, сапалы сын аз.

**14-тақырып. Әдеби бағыт және ағым», сондай-ақ ағым мен бағытта шындықты бейнелеудің әдісі, бағалау және талдау принциптері бойынша**

**құру.** Әдебиет теориясында күрделі, бірақ өте маңызды ұғымдар. Бұл тақырып – көркем әдебиеттің идеялық-көркемдік даму зандылықтарын, эстетикалық жүйесін **және шығармашылық** әдістерін анықтап, түсіндіруге бағытталған. Белгілі бір тарихи кезеңде туған, идеялық-көркемдік ұстанымдары ортақ шығармашылық топтың эстетикалық тұжырымдамасы. Әдеби бағыттың ішіндегі бір тармақ, яғни белгілі жазушылар тобының көркем бейнелеу тәсілдері мен формалық ерекшеліктерінің ұқсастығына негізделген әдеби-эстетикалық құбылыс. Шындықты бейнелеу мен көркемдік жинақтау тәсілі; жазушының дүниетанымы мен көркемдік шеберлігінің бірлігі. Әрбір әдеби бағыт немесе ағымда шындыққа деген қатынас пен оны көркем бейнелеу тәсілдері әртүрлі. Бұл әдістер жазушының дүниетанымы мен көркемдік мақсатына байланысты болады.

**15-тақырып. Қазіргі әдебиеттанудағы постмодернистік зерттеулер.** XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен танылған постмодернизм әдебиетінің ерекшеліктерін, формаларын, идеясын және мәдени контекстін талдаумен айналысатын бағыт. Постмодернизм – бұл модернистік идеяларға қарсы реакция ретінде пайда болған мәдени және әдеби ағым. Ол шынайылықтың біртұтас мағынасының жоқтығын, интертекстуалдықты, ойыншылдықты, иронияны, өз-өзін сұраққа алу мен деконструкцияны баса көрсетеді. Қазіргі әдебиеттанудағы постмодернистік зерттеулердің негізгі бағыттары: Интертекстуалдық талдау, Деконструкция және құрылымдық сын, Гендерлік және мәдени идентичность мәселелері, Метатекстуалдық зерттеулер, Пародия, ирония және ойын тәсілдері. Қазіргі әдебиеттанушылар постмодернистік әдебиетті жаңа дәуірдің әдебиеті, ұлттық танымның, тілдің және мәдениеттің өзгерісі ретінде қарастырады.

### **3-нән. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері**

**1-тақырып Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмалары.** Қазіргі ғылымдағы проза, поэзия, драматургияның көркемдік сипатына тән өзгерістер. Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмалары. Қазіргі ғылымдағы проза, поэзия, драматургияның көркемдік сипатына тән өзгерістер. Дәстүрлі әдебиеттану парадигмалары: Формализм: әдебиеттің формасына, тілдік құрылымына, стильдік ерекшеліктеріне мән береді. Шығарманың ішкі зандылықтарын зерттейді. Реализм теориясы: әдебиетті шындықтың бейнесі ретінде қарастырады. Әдеби шығарма – өмірдің объективті көрінісі. Миметикалық теория: әдебиетті шындықтың дәл көшіруі ретінде түсінеді. Романтикалық теория: әдеби шығарманы автордың эмоциялары мен жеке сезімдерінің көрінісі деп есептейді. Ізгілендіру (Эстетикалық) теория: әдебиеттің басты функциясы – адамға эстетикалық ләzzat беру. Жаңа парадигмалар (XX-XXI ғғ.): Структурализм: мәтіннің құрылымдық элементтерін, тілдік кодтарын, символдарын зерттейді. Постструктуралық теория: мәтіннің тұрақты мағынасы жоқ, оның мағыналары көп және қарама-қайшылықты екенін көрсетеді. Психоаналитикалық әдебиеттану: автор мен кейіпкерлердің психологиясын Фрейд теориялары негізінде зерттейді. Феминистік

әдебиеттану: әдебиеттегі гендерлік мәселелерге көніл бөледі. Постмодернизм: әдебиетті интертекстуалдық, пародиялық, ойыншылдық түрғыдан зерттейді. Мәдени бағыттар: әдебиетті мәдени контекстпен, идеологиямен, қоғамдық үдерістермен байланысты қарастырады.

**2-тақырып. Қазіргі жанр әдеби табиғаты: жаңаша зерделеу. Жанрлар жүйесі. Интертекстуалдық: негізгі концепциялар. Әдеби сын жанрлары.** Жанр — әдебиеттегі шығармалардың түрлері мен түрленулерін жүйелейтін көркемдік форма. Қазіргі әдебиеттануда жанрлар **статикалық емес**, олар өзгермелі, динамикалық, бір-бірімен араласып, жаңа гибридті формаларға ұласады. Жанрлық қалыптасу мен дамуда постмодернистік интертекстуалдық принциптер маңызды рөл атқарады. Жанрлар – мұрагерлік әрі инновациялық, дәстүр мен жаңалықтың өзара әрекеттестігі. Жанрдың функциясы тек белгілі құрылымдық белгілерді сақтау емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және идеологиялық мағыналарды жеткізу. Жанрлар жүйесі – әдеби шығармалардың түрлері мен олардың ішкі байланыстарының жүйесі. Интертекстуалдық – мәтіндердің бір-бірімен байланысы, өзара сілтемелері, цитаталары мен аллюзиялары арқылы мағына тудыру. Интертекстуалдық – постмодернистік әдебиеттің басты ерекшелігі, ол шығарманың көпқырлығын, мағыналық байлығын арттырады. Әдеби сын – әдебиет туындыларын талдау, бағалау, түсіндіру, олардың көркемдік, әлеуметтік, идеологиялық мәнін ашу. Қазіргі әдеби сынның ерекшелігі – интердисциплинарлық, теориялық жаңалықтарға ашықтық, постструктурализм мен постмодернизм тәсілдерін қолдану.

**3-тақырып. Мифопоэтика және археопоэтика.** Мифопоэтика — мифтерді (аңыздар мен ертегілерді) әдеби шығармаларда шығармашылық түрғыдан қайта жаңғырту және мифологиялық ойлау негізінде әдеби мәтіндер құру өнері мен зерттеу саласы. Бұл термин көбінесе XX ғасырдың әдебиеттануында қолданылады, әсіресе модернизм мен постмодернизм дәуірінде. Мифопоэтикалық тәсіл әдеби шығарманы мифтік құрылымдар мен архетиптер негізінде түсінуге бағытталған. Мифопоэтика шығарманың терең символикалық мағынасын ашады. Мифопоэтикалық зерттеу арқылы шығармаларда қайталанатын мифтік мотивтер, архетиптер, рәміздер анықталады. Қазақ әдебиетінде мифопоэтика ұлттық мифология элементтерін, эпостық дәстүрлерді жаңғыртуда қолданылады. Археопоэтика – бұл әдеби шығарманы оның ең ежелгі, праәдеби, алғашқы поэтикалық формалары түрғысынан зерттеу. Бұл бағыт әдебиеттің тамырларын, оның пайда болу кезеңіндегі дүниетаным мен көркемдік қағидаларды зерттеумен айналысады. Археопоэтика әдебиеттің бастауын, оның алғашқы құрылымдарын, поэтикалық принциптерін анықтауға көмектеседі. Бұл тәсіл арқылы әдебиеттің тарихи-мәдени түп негіздерін және оның дамуының логикасын түсінуге болады.

**4-тақырып Семиотика және нарратология. Семиотика және нарратология** – қазіргі әдебиеттанудың маңызды екі теориялық-әдістемелік

бағыты. Бұл екеуі де көркем мәтінді белгілік жүйе ретінде және әңгімелеу құрылымы тұрғысынан зерттейді. Семиотика – белгі (таңба) туралы ғылым. Әдебиетті белгілер жүйесі ретінде қарастырып, мәтіннің құрылымын, символдарын, кодтарын, рәміздерін зерттейді. Әдеби семиотика – көркем мәтіннің семантикасы (мағынасы), синтаксисі (құрылышы), прагматикасы (қабылдануы) тұрғысынан қарастырады. Әдеби шығармадағы таңбалар жүйесін анықтау. Символдар, метафоралар, рәміздердің мағынасы мен қызметін талдау. Автор мен оқырман арасындағы мәдени кодты түсіндіру. Нарратология – әдеби шығарманың сюжет, композиция, баяндау формасы мен құрылымын зерттейтін бағыт. Бұл сала шығарманың «қалай айтылғанын», яғни оқиғаны баяндаудың тәсілдерін, құрылымын, уақыт пен кеңістіктегі ұйымдасуын талдайды. Әңгімелеу құрылымы. Баяндау тәсілі, уақыт, нарратор. Сюжет пен баяндаудың құрылымын ашу.

**5-тақырып Қазіргі әдеби даму үрдісі. Қазіргі замандағы әдебиеттің ролі. XXI ғасырдағы әдебиеттің бағыттары мен ағымдары. XX-XXI ғасырдағы әдебиеттану мен фольклористиканың даму тенденциялары.** Әлемдік әдеби кеңістікке интеграциялану үрдісі күшейді. Қазақ әдебиеті басқа елдердің әдебиетімен типологиялық үндестік және интермәтіндік байланыс арқылы өзара ықпалдасуда. Тарихи жады, ұлттық код, отарсыздандыру сияқты тақырыптар өзекті. Гибридті жанрлар (роман-эссе, поэма-драма, графикалық роман) пайда болды. Постмодернистік стиль, символизм, магиялық реализм, антиутопиялар көркемдік кеңістікті байыта түсті. Әдебиет – тарихи жадыны сақтаушы, ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы күш. Қоғамдық проблемаларды (экология, гендер, отарлық сана, жаһандану) көркем тілде жеткізу құралы. Сөз өнері әлеуметтік желі, интернет мәдениеті аясында мультимодальды формаға көшіп жатыр. Ирония, интертекстуалдық, ойнақылық, шындыққа сенбеу. Қиял мен шындықты қатар бейнелеу. Әлеуметтік және технологиялық қауіптерді көркем бейнелеу. Автордың жеке өміріне негізделген прозалар. Автордың жеке өміріне негізделген прозалар. Этностиқ ерекшеліктер, ұлттық таным, салт-дәстүр бейнеленеді.

**6-тақырып Семиотика мен әдебиеттің байланыстары.** Көркем шығарма таңбалық жүйе ретінде. Ғылыми бағыт ретіндегі семиотиканың мәні. F.Мұсіреповтың «Жапон балладасы» шығармасының семиотикасы.

**7-тақырып Шешендік өнер және әдебиет.** Жазушы және оратор. Поэтикалық риторика. Көркем шығарма құрылымындағы риторикалық сөйлемдер. Көркем шығармадағы цитата қызметі. Көркем шығармадағы афоризмдер.

**8-тақырып Көркемдік бейне.** Қазіргі әдебиеттанудағы көркемдік бейненің ұғымы. Көркемдік бейне эстетикалық категория ретінде. Көркемдік бейненің ерекшелігі. Көркемдік бейненің табиғаты.

**9-тақырып Мифологиялық мектеп – әдебиеттану мен фольклористиканың бағыты.** Мифологиялық мектептің философиялық негізі. Мифологиялық мектептің өкілдері. Қазіргі филология ғылымындағы неомифологиялық бағыты. Мифологиялық космизм. Әдебиеттанудағы мәдени-тариҳи мектеп.

**10-тақырып Көркем шығармаларды генетикалық тұрғысынан зерттеу.** Шығармада автордың өмірлік тәжірибесі, идеясы мен көзқарасы қалай көрінеді. Әдебиетті тарихпен, өмірмен байланыстыра талдайды. Шығарма мен автор арасындағы байланыстарды ашуға жол ашады. Әдебиеттің қоғамдық қызметін түсіндіреді.

**11-тақырып Әдеби сын жанрлары.** Әдеби сын міндеттері. Әдеби сын шығармаларының мәні. Әдеби сыншы және жазушы. Әдеби сыншы және оқырман. Әдеби сын шығармаларының негізгі жанрлары.

**12-тақырып Әдебиеттің ұлттық сипаты.** Автордың санағы мен ой-пікірлері. Қаламгер шығармашылығы және ұлттық мәдениет. Ұлттық әдебиеттердің ерекшелігі және әлем әдеби үдерісінің зандалықтары.

**13-тақырып Әдеби байланыстар. Көркем шығармаларды аудару мәселесі.** Әдеби байланыс – бір ұлттың әдебиеті мен екінші ұлттың әдебиеті арасындағы шығармашылық, идеялық, тақырыптық, стильдік әсер мен ықпалдасу процесі. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Абай Құнанбайұлы, Үбырай, Шоқан – орыс әдебиеті мен мәдениеті арқылы Еуропа өркениетіне жол ашты. Кеңестік кезенде орыс тілі арқылы әлем әдебиеті қазақшаға, ал қазақ әдебиеті орысшаға аударылды. Қазақ қаламгерлері (М. Әуезов, Б. Майлин, М. Жұмабаев, О. Бекей т.б.) әлемдік әдеби дәстүрлерді игеріп, өз шығармашылығында сәтті қолданды. Көркем аударма – әдеби байланысты жүзеге асыратын басты құрал. Аударма – мәдениеттердің диалогы, сол себепті аудармашының кәсіби білімімен қатар, мәдениетаралық түсінігі мен көркемдік талғамы аса маңызды.

**14-тақырып Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік. Әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік категорияларының ерекшелігі.** Көркем уақыт – көркем шығармада оқиға мен кейіпкер тағдырының даму ретіне сай өрбитін уақыттық құрылым. Бұл уақыт шынайы хронологиямен сәйкес келмеуі де мүмкін, өйткені ол – эстетикалық категория. Көркем кеңістік – шығармадағы оқиға өтетін физикалық, әлеуметтік, рухани және символдық орта. Ол оқырманға кейіпкердің өмір сұру, әрекет ету алаңын, дүниетанымын елестетеді. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік – **жазушының** дүниетанымын, идеясын, қоғамға көзқарасын білдіретін негізгі көркемдік құралдардың бірі. Бұл категориялар оқырман мен кейіпкер арасындағы байланысты нығайтады, шығарманың философиялық және эстетикалық терендігін арттырады.

**15-тақырып Қазіргі әдебиеттанудағы хронотоп туралы концепциялар мен теориялар. Хронотоп және жанр, стиль мәселесі.** Шығарманың жанры, стилі, сюжеті, кейіпкер бейнесі хронотопқа тығыз байланысты. Хронотоп – оқырман мен мәтін арасындағы уақыттық-кеңістіктік көпір. Уақыт пен кеңістік үйлесімі арқылы шығарма идеялық-философиялық,

эстетикалық мазмұнға ие болады. Қазіргі әдебиетте хронотоп жаңа формаларға ие болуда: мультикеңістік, виртуалды хронотоп, постуақыттық модельдер дамып келеді.

**8D002305 – Әдебиеттану**  
**білім беру бағдарламасы бойынша эссе тақырыптары:**

1. Менің болашақ зерттеу жұмысым
  2. Қазіргі жастар поэзиясында жаңашылдық
  3. Қазіргі әдебиеттану ғылымының негізгі мәселелер мен оны шешудің жолдары
  4. Қазіргі қоғамдық мәселелер және оның көркем шығармадағы бейнесі
  5. «Кеңес дәуірі әдебиетін оқыту қажет емес» деген көзқарасқа үстанымыңыз қандай?
  6. Әдебиеттегі цензура және қазақ әдебиетіне тигізген әсері
  7. Қазіргі әдебиеттанушының келбеті
  8. Қазіргі қазақ әдебиеттану: даму бағыты және мәселелері
  9. Қазіргі қазақ драматургиясындағы жаңа ізденістер
  10. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі жаңа ізденістер
  11. Ұлт әдебиетінің тарихы: дамуы, қалыптасуы, зерттелуі
  12. Қазіргі ұлттық әдебиеттің даму бағыттары: идеялық жанрлық, көркемдік ізденістер
13. Қазіргі оқырман талабы шығарма көлеміне әсер ете ме?
14. Қазіргі қазақ прозасындағы жаңа ізденістер
  15. Көркем шығарма және әлеуметтік желі
  16. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелер
17. Абай шығармаларының кейінгі толқынға әсері
18. Қазіргі өлең поэтикасы
  19. Қоғамдағы жас ғалым: мәселе, оны шешу жолдары
  20. Интернет және бұқаралық әдебиетті оку керек пе?
  21. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері
  22. Қаламгердің шығармашылық құпиясы
  23. Қазіргі кезеңіндегі әдебиеттанудың теориялық мәселелері
24. Қазіргі қазақ прозасы: дәстүр және жаңашылдық
25. Қазақ әдебиетіне жаңа серпін керек пе?
26. Әлемдік жаһанданудың қазіргі әдебиеттану ғылымына әсері
27. Көркем шығарма мен аударма саласында туындастын негізгі мәселелер және оны шешудің жолдары
28. Ұлттық әдебиеттің әлемдік деңгейге көтерілу үшін қандай шаралар жасалуы тиіс
29. Қазіргі ұлттық әдебиеттегі Алаш идеясының алатын орны
30. Қазіргі әдеби сын және оның әдебиеттің даму әсері

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 2006.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, Санат, 2002.
3. Р.Нұрғали. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық.- Астана, Фолиант, 2003.
4. Ахметов К. Әдебиеттанаға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды , 2004
5. Есембеков Т. Драматизм и казахская проза. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
6. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б
7. Елеуkenov Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Алматы, 2006.
8. Райан, Майл. Әдебиет теориясы [Мәтін]: кіріспе / М. Райан. - Алматы : «Ұлттық аударма бюросы», 2019. - 292 б.
9. Б. Ердембеков, Ж. Аймұхамбет, Р. Тұрысбек т.б. Қазіргі қазақ әдебиеті. Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 216 б.
10. Қазіргі әдебиет және фольклор. Ұжымдық еңбек. Алматы, 2009. 392б.
11. Қасқабасов С. Елзерде. Жаназық. Астана, 2012.
- 12. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: —Print express, 2017. – 512 б**
13. С.Макпирұлы. Адамтану өнері. Оқу құралы.-Алматы, Арыс, 2009.-213 б.
14. Елеуkenov Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Алматы, 2006.